

СБОРНИК СТАТЕЙ

**Международной научно-практической
конференции молодых ученых**

**«НУРГАЛИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ-Х:
НАУЧНОЕ СООБЩЕСТВО МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ
XXI СТОЛЕТИЯ.**

**ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ»,
посвященной 25-летию со дня основания
Евразийского национального университета
имени Л.Н. Гумилёва**

25-26 февраля 2021 года



г. Нур-Султан, 2021



СБОРНИК СТАТЕЙ
Международной научно-практической
конференции молодых ученых
«НУРГАЛИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ-Х:
НАУЧНОЕ СООБЩЕСТВО СТУДЕНТОВ
XXI СТОЛЕТИЯ. ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ»

25-26 февраля 2021 года

г. Нур-Султан, 2021

УДК 80/81

ББК 81.2

Н90

Рецензенты: И. Любоха-Круглик - д.ф.н., профессор (Польша)
Л.Е. Беженару - д.ф.н., профессор (Румыния)

Под общ. ред. - д.ф.н., проф. К.Р.Нургали

Члены редколлегии: д.ф.н., проф. К.Р.Нургали, к.ф.н., проф. Мукажанова Л.Г., маг. Азкенова Ж.К.

Н-90 «Нургалиевские чтения-Х: Научное сообщество молодых ученых XXI столетия. Филологические науки»: сборник статей по материалам Международной научно-практической конференции (25-26 февраля 2021 г., г.Нур-Султан). / Под общ. ред. д.ф.н., проф. К.Р.Нургали. – Нур-Султан: ЕНУ, им.Л.Н. Гумилёва, 2021. – 591 с.

IBSN 978-601-337-505-2

Данный сборник статей состоит из материалов, представленных на юбилейной Международной научно-практической конференции «Нургалиевские чтения-Х: Научное сообщество молодых ученых XXI столетия. Филологические науки» (25-25 февраля 2021 г., г.Нур-Султан). Доклады участников этого научного форума представляют собой результаты исследований молодых ученых по литературоведческим и лингвистическим проблемам, а также вопросам современных методик анализа литературных произведений, переводоведения, образования в условиях пандемии. Многоаспектность тем выступлений – свидетельство интересов современных студентов, которые отличаются широким кругозором и высокой научно-методической подготовкой к научным исследованиям.

Участники данной конференции представляют вузы, которые являются многолетними партнёрами по международному академическому сотрудничеству. Так, перед широкой аудиторией выступили студенты, магистранты, докторанты и аспиранты вузов Казахстана, Российской Федерации (г.Москва, г. Казань, г. Таганрог, г. Ставрополь), Польши (г.Катовице), Румынии (г.Яссы), Турции (г. Анкара) и др.

Данный сборник может быть рекомендован обучающимся образовательных программ по филологическим и педагогическим направлениям.

IBSN 978-601-337-505-2

УДК 80/81

ББК 81.2

©ЕНУ им. Л.Н. Гумилёва, 2021

Таким образом, фразеологизм в сказке имеет разговорный, художественно-поэтический и синонимический характер. Фразеология делает текст сказки чрезвычайно выразительным, живым, высоко оценивают добро и наказывают зло через простой язык, показывают картину реальной жизни.

Список использованной литературы:

1. Бахтина В.А. Литературная сказка в научном осмыслении последнего десятилетия // Фольклор народов РСФСР. – Уфа, 1979. – Ч. 3-505.
2. Попов Р.Н. Методы исследования фразеологического состава языка. – Курск, 1976.
3. Чернявская И.С. Некоторые особенности современной литературной сказки // Проблемы детской литературы. – Петрозаводск, 1979. – С. 3-211.

Аннотация: Русские сказки занимают важное место в мировых сказках, являются частью мировой культурной сокровищницы. Мы заметим, что фразеология русского языка играет важную роль в русских сказках. В данной работе пытаемся выявить несколько особенностей фразеологизмов в жанре сказок, исследуют русскую сказку с точки лингвистики.

Ключевые слова: русская сказка; фразеологизм; лексикология

THE LINGUISTIC STUDY ON RUSSIAN FAIRY TALES

Zhang Tingting

Master Students 2 years of study

KFU, Kazan, Russia

Abstract: Russian fairy tales play an important role in the world fairy tales and are part of the world cultural treasure house. We will notice that Russian idioms play an important role in Russian fairy tales. In this work, we try to study the characteristics of some idioms in Russian fairy tales from the perspective of linguistics.

Keywords: Russian Fairy Tales; Idioms; lexicology

ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК МӘТІНДЕРДЕ ТЕРМИНДЕРДІҢ АУДАРУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Кабиева М.А.

Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ

2 курс магистранты,

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Mika.kabiyeva98@gmail.com

Ғылыми жетекші – Кызырова А.М.

к.ф.н., доцент

kyzyrova888@mail.ru

Кіріспе. Ғылыми-көпшілік мәтін ғылыми стильдің бір түрі болып табылатыны мәлім. Ғылыми стильдің ең басты ерекшелігі терминдердің көп қолданылуы. Ал ғылыми-көпшілік мәтіндерде терминдердің мөлшері ғылыми стильмен салыстырғанда аз. Оның бірді-бір себебі ғылыми-көпшілік мәтіндер жаппай оқырмандарға бағытталған. Сол себептен бұл стильде жазылған мәтіндер оқырмандарға түсінікті болу үшін жеңіл тілмен берілген. Алайда ғылыми-көпшілік мәтінде терминдерді мүлдем шегеріп тастау қате. Терминдер аз мөлшерде болса

да кездеседі, және де ғылыми стильмен салыстырғанда ғылыми-көпшілік мәтіндегі терминдер біршама айырмашылықтарымен ерекшеленеді.

Аудармашылар терминдермен жұмыс жасағанда біршама қиыншылықтарға тап болуы олардың айырықша ерекшеліктерінен ғана емес, сонымен қатар аударматанымда терминдерді аударуда біртұтас топтастыру жолдары әлі анықталмағандығы болып келеді.

Берілген мақалада біз ғылыми-көпшілік мәтінде кездесетін терминдердің аудару жолдарымен танысып оларды талдаймыз. Мақаланың практикалық ақпарат көзі ретінде Пинкер Стивеннің “Тіл-Инстинкт” (The Language Instinct) атты еңбегі алынған.

Негізгі бөлім. Ғылыми-көпшілік стильді жүзеге асыру көбінесе жазбаша түрде кездеседі. Бұндай мәтіндердің негізгі белгілері - танымдық ақпараттың, жалпыға мәлім мен мамандандырылған терминдердің болуы. Ғылыми-көпшілік мәтіндегі терминдер танымдық қызметпен бірге көпшілікке тарату қызметін атқарады. Адам қызметінің жан-жақты дамуына байланысты жаңа ұғымдар дефинициясының қажеттілігі туындайды. Бұл терминологиялық бірліктердің арқасында тілдегі сөздік қорының кеңеюіне әкеледі.

Этимологиялық талдауға сәйкес, термин сөзі “*ter*” латын түбірінен туындаған және ол “аттау, арғы жақтағы мақсатқа жету” дегенді білдіреді. Демек, бастапқыда термин сөзі табалдырық қорғаушысын, қасиетті жердің, мәдениет шекарасының қорғаушысын білдірген [1,135б]. Осы мағынада «термин» сөзі дін саласында қолданылған, кейін философия және де басқа ғылыми пәндер - медицина, теология, лингвистикада қолданыла бастаған. Қазіргі танымда термин сөзінің мағынасы бастапқы мағынасымен ортақ нәрсе жоқ.

Жалпы **термин** деп белгілі бір ғылым немесе техника саласындағы мамандар қолданатын айырықша заттар мен ұғымдарды білдіретін сөздер мен сөз тіркестерді айтамыз. Терминдер ретінде белгілі бір стиль шеңберінде қолданылатын сөздер де, жалпы халықтық сөздердің айырықша мағыналары да қолданыла алады. Әр ғылым саласы өз пәні мен әдісіне байланысты өзіндік терминологиясын құрайды. Мәдениеттің, өнердің, экономикалық өмірдің, спорттың және т.б. әр түрлі салалардың өзіндік арнайы терминологиясы бар [2, 120 б].

Терминдерді аудару кезінде мәнмәтінге назар аудару қажет, өйткені көптеген терминдер екі мағыналы болып келеді, яғни бір термин ғылым түрлі салаларында немесе тіпті бір салада әр түрлі мағынаға ие болуы мүмкін. Мысал ретінде “*power*” сөзін алуға болады. Бұл терминнің негізгі мағынасы “күш, қуат”. Экономика, әлеуметтану, құқықтануда “*power*” сөзі *билік, құқық, өкілдік, держава*, математикада - *дәреже, тәртіп*, металлургияда - *бейімділік*, мұнай химиясында - *электроэнергия, электроэнергетика* дегенді білдіреді.

Терминнің мағынасы айқын болатын маңызды логикалық әрекет - анықтама (дефиниция) болып табылады. Оған басқа мағыналарды жоятын вербалді немесе бейвербалді түсініктемелер, сипаттама жатады [3, 40 б.]. Алайда сөздіктер ғылымның дамуына ілісе алмайды, сондықтан оларда аудармашыларға қажетті терминдер көп жағдайда кездеспейді. Аудармашының алдында баламасыз терминнің дәл аудармасын табу міндеті тұр.

Аударма теориясы баламасыз лексиканы аударудың негізгі әдістерін құрды. Оларды кәсіби аудармашылар мен ағылшын тілін меңгерген мамандар сәтті қолданады.

Бірінші әдіс ол **транслитерация** және **транскрипция**, яғни сөздердің дыбыстық немесе жазу формасын сақталған кірме сөздер.

- *The conception of language as a kind of instinct was first articulated in 1871 by Darwin himself* [4, 14 б.].
- Тіл инстинктің бір түрі екені жөніндегі теорияны 1871 жылы тұңғыш рет Дарвин айтқан [5, 15 б.].

Жоғарыда берілген мысалда *instinct* сөзін транслитерация әдісін пайдаланып аударғанын көреміз.

- *Aphasia, the loss of language following brain injury, is devastating, and in severe cases family members may feel that the whole person is lost forever* [4, 12 б.].

- Афазия– мидағы зақымның кесірінен сөйлеу қабілетінен айырылу [5, 13 б.].

Бұл мысалда *aphasia* сөзі транскрипция әдісін пайдаланып аударылған және медицина терминіне жатқызылады.

Ағылшын терминологиясын аударуда екінші кеңінен таралған әдіс - **калькалау**. Бұл әдісте сөздердің немесе сөз тіркестерінің мағынасы сөзбе сөз аударылады.

- *But one of Darwin's followers, William James, noted that an instinct possessor need not act as a "fatal automaton"* [4, 15 б.].

- Алайда Дарвин ізбасарларының бірі Уильям Джеймс: «инстинкт иесі өзін міндетті түрде «кәтерлі автоматизммен» ұстауы тиіс еместігін айтып, ...бізде жануарларға тән түйсіктердің барлығы болуымен қатар өзге де көптеген қасиеттердің бар екенін дәлелдеді [5, 19 б.].

Берілген мысалда аудармашы *fatal* сөзінің негізгі аудармасын қолданған, *automaton* негізгі мағынасы автомат, яғни жансыз адам, робот дегенді білдіреді.

- *By performing painstaking technical analyses of the sentences ordinary people accept as part of their mother tongue, Chomsky and other linguists developed theories of the mental grammars underlying people's knowledge of particular languages and of the Universal Grammar underlying the particular grammars* [4, 18 б.].

- Чомский мен өзге де лингвистер қарапайым адамдардың құрылымдық белгілеріне қарап, ана тілінің бір бөлігі ретінде қабылдайтын сөйлемдеріне мұқият талдау жасап, адамның нақты бір тілді білуін негізге алып және әрбір нақты тіл грамматикасының негізін құрайтын «Әмбебап грамматика» бойынша «менталды грамматика» теориясын жасап шықты [5, 22 б.].

Жоғарыдағы мысалды калькалау әдісімен аударылған сөздерді көруге болады (linguists - лингвисттер, theories - теориялар, mental grammar - менталды грамматика).

- Perhaps mindful of the Tower of Babel, some of the masters of tobacco, cotton, coffee, and sugar plantations deliberately mixed slaves and laborers from different language backgrounds [4, 27 б.].

- Бабыл мұнарасы төңірегіне топтасқан ел сияқты кейбір темекі, мақта, кофе және қант плантацияларының қожайындары әр тілде сөйлейтін құлдар мен жұмысшыларды саналы түрде араластырған [5, 38 б.].

Берілген аудармада *Tower of Babel* - Бабыл мұнарасы калька болып саналады.

Аударма практикасында **суреттемелік аударма** жиі қолданылады. Суреттемелік аударма транслитерация (транскрипция) әдісі секілді елеулі кемшілікке ие: ол аударманы нақтылық пен қысқалықтан айырады және көпсөзділікке, шамаластыққа әкеледі.

- *Even more impressive, the output of one morphological rule can be the input to another, or to itself: one can talk about the unmicrowaveability of some French fries or a toothbrush-holder fastener box in which to keep one's toothbrush-holder fasteners* [4, 124 б.].

- Картоптан жартылай дайындалған кейбір өнімдерді *unmicrowaveability* (қысқатолқынды) пеште дайындауға болмайтыны туралы немесе *toothbrush-holder fastener box* (тіс шөткелеріне арналған стақанға бекітетін қорапша), *toothbrush-holder fasteners* (тіс шөткелеріне арналған стақанның бекіткішін) қайда сақтауға болатыны туралы айтуға болады [5, 184 б.].

Мысалда сөздер тікелей аудармасы болмағандықтан, оқырманға түсінікті болу үшін жақша ішіне сөздердің мағынасын суреттемелеу арқылы аударған.

- *Or, if you suffer from sesquipedaliaphobia, you can think of your greatgrandmother, your great-great-grandmother, your great-great-greatgrandmother, and so on, limited only in practice by the number of generations since Eve* [4, 124 б.].
- Егер сіз скипедалиафобиядан зардап шексеңіз, яғни ұзын сөздерден қорқатын болсаңыз, онда сіз өзіңіздің әжеңіздің әжесі, әжеңіздің әжесінің әжесі, әжеңіздің әжесінің әжесінің әжесі және одан арғысы туралы ойлануыңызға болады; іс жүзінде тізім тек Хауа анадан басталған ұрпақтар санымен шектеледі [5, 184 б.].

Суреттеу әдісін айқын қолданылғанын көрсететін тағы бір мысал *sesquipedaliaphobia* термині. Кітап көп мөлшердегі оқырманға арналғандықтан аудармашы терминнің анықтамасын суреттеу арқылы көрсеткен.

Термин бір буынды болып бір негізгі сөзден тұруы мүмкін немесе терминнің мағынасын нақтылайтын немесе өзгертетін бір немесе бірнеше анықтамаларды қамтитын терминологиялық топ болуы мүмкін. Көпкомпонентті терминдерді (терминді сөз тіркестері) аудару кезінде мыналарды ескеру қажет:

1) Аударманы негізгі компонент болып табылатын соңғы сөзден (зат есімнен) бастау;

2) Барлық сөз тіркестерді аударудың соңғы нұсқасында оның компоненттері арасындағы мағыналық қатынастарды ескеру. Мысалы:

- *The psychologists Robert Remez, David Pisoni, and their colleagues, braver men than I am, published an article in Science on "sine-wave speech"* [4, 153 б.].
- Маған қарағанда батылдау психологтар Роберт Ремез пен Дэвид Пизони және олардың әріптестері «Science» журналына «сөйленістегі синусоидты толқын» («sine-wave speech») туралы мақала жариялады [5, 230 б.].

Қорытынды. Ғылыми стильдегі мәтіндерді, соның ішінде ғылыми-көпшілік мәтіндерді, аудару барысында олардың айқын сипаты белгілі бір терминологиялық бірліктер бар екенін ескеру қажет. Термин арқылы мәтіннің тақырыптамасын білуге болады, олар аудармашы мен оқырмандарға мәтінде талқыланатын тақырыптың негізгі аспектілерін анықтауға көмектесетін нұсқаулық. Мәтіндегі арнайы лексиканың мөлшері мен деңгейін оны ақпарат қабылдаушы, яғни

реципиент анықтайды. Ғылыми-көпшілік мәтіндер реципиентердің ауқымды тобына бағытталған, бірақ мұндай мәтіндер әлі де объективтілікпен және бейтараптықпен сипатталады.

Жоғарыда келтірілген талдаулардан мынадай қортындылар жасалынды:

- Терминдерді аударудағы негізгі әдістер: *транслитерация, транскрипция, калькалау және суреттемелеу*.
- Көпкомпонетті терминдерді аудару кезінде олардың компоненттері арасындағы мағыналық қатынастарды ескеру.
- Пинкер Стивеннің “Тіл - инстинкт” еңбегіндегі баламасыз лексиканы аудару барысында барабар аударма стратегиясы қолданылды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Сусименко Е.В. Проблемные аспекты в определении научного термина и его свойств / Е.В. Сусименко, С.В. Рождественская // Филологические науки. Вопросы теории и практики. – Тамбов: Грамота, 2012 – №1(12). – С. 135-138.
2. Комиссаров В.Н. Теория перевода (Лингвистические аспекты) [Текст] / В.Н. Комиссаров. – М., 1990.
3. Ветрова О.Г. Принципы и практика обнаружения и устранения терминологических несоответствий в научных текстах [Текст] / О.Г. Ветрова, К.К. Гомоюнов // Вопр. методики преподавания в вузе. – Вып. III. – СПб., 2001.
4. Pinker S. The Language Instinct (1994/2007) . New York, NY: Harper Perennial Modern Classics, 2007.
5. Пинкер Стивен Тіл – инстинкт. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019 жыл. – 386 б. (Аудармашылар: Құрманбайұлы Ш., Абдрасилов Е., Иманбердиева С.)

Аңдатпа: Мақала ғылыми-көпшілік мәтіндердегі терминдердің аудару ерекшеліктеріне тоқталады. Олардың аудару жолдары мен әдістері қарастырылады. Мақаланың практикалық ақпарат көзі ретінде Пинкер Стивеннің “Тіл - Инстинкт” еңбегі алынған.

Түйінді сөздер: термин, баламасыз лексика, ғылыми-көпшілік мәтін.

ОСОБЕННОСТИ ПЕРЕВОДА ТЕРМИНОВ В НАУЧНО-ПОПУЛЯРНЫХ ТЕКСТАХ

Аннотация: В статье рассматриваются особенности перевода терминов в научно-популярных текстах. Исследуются основные методы перевода терминов. Источником практического материала для статьи является работа Пинкера Стивена “Язык как инстинкт”.

Ключевые слова: термин, безэквивалентная лексика, научно-популярный стиль.

PECULIARITIES OF TRANSLATION OF TERMS IN POPULAR SCIENTIFIC TEXTS

Kabiyeva M.A

undergraduate 2 years of study

ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan

Abstract: The article studies the features of translation of terms in popular science texts. The main methods of translation of terms are investigated. The source of practical material for this article is Pinker Steven's "The Language Instinct".

Key words: terms, non-equivalent vocabulary, popular science.

СИМВОЛ НЕБА В РОМАНЕ Л.Н. ТОЛСТОГО «ВОЙНА И МИР»: СОВРЕМЕННАЯ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ

Жаксылыков А.А.

студент 1 курса

ЕНУ, г. Нур-Султан, Казахстан